

1999 жылдың қазан, қараша айлары үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 25 қараша N 1783

Қазақстан Республикасының шетелдік несие берушілер алдындағы міндеттемелерін орындау, дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ бұрын берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасы берген 1996 жылғы 2 қазандағы N 0000016, 1996 жылғы 11 наурыздағы N 27-1-Г/3-96, 1996 жылғы 10 шілдедегі N 13, 1995 жылғы 3 сәуірдегі N ф 22-3/5, 1996 жылғы 19 қарашадағы N 0000019 мемлекеттік кепілдіктерге және Әлембанк (бұрынғы Қазсыртқызэкономбанк) ұсынған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федералдық Қаржы министрлігінің арасындағы 1994 жылғы 19 желтоқсандағы Келісімге Өзгеріске сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы төлемдерді (қосымшаға сәйкес), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының өзгеруін есепке ала отырып, 1999 жылға арналған республикалық бюджетте "Несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражаттың шегінде төлейтін болады;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық-шаруашылық тексеріс жүргізісін және оларды пайдалану тәртібін бұзушылық фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына берсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі банкроттық ресіміне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерін атқармаған тұлғаларды өзге де жауапкершілікке тартуға дейін заңдарда белгіленген тәртіппен шаралар қолданысын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі және №"Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) қаржылық міндеттемелері республикалық бюджеттің есебінен атқарылған заемшыларға қатысты берілген мемлекеттік бюджеттік қаражатты қайтару жөнінде қабылданған шаралар мен олардың нәтижелілігі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
25 қарашадағы
N 1783 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі алдағы төлемдерді өтеу
Сомасы

Заемшы ұйымы	Төлемнің валютасы	Төлемнің уақыты	Төлемнің сомасы	Негізгі борыш
Германия несие желісі				
ҚР ИМ ҚАЖД	EUR	01.06.99	761 555,79	532 091,38
Австрия несие желісі				
"Фосфор" ӨБ	USD	22.11.99	532 192,21	532 192,21
Франция несие желісі				
"Батыс" АК	FRF	19.10.99	7 419 207,41	5 638 543,60
Канада несие желісі				
АБК "Конденсат"	USD	15.11.99	1 733 391,96	1 291 666,67

Израиль несие желісі

АБК "Конденсат" USD	01.11.99	1 186 030,60	962 500,00
---------------------	----------	--------------	------------

Жапония несие желісі

Карметкомбинат JPY	03.11.99	314 707 833,00	285 313 185,00
--------------------	----------	----------------	----------------

Барлығы	USD	3 451 614,77	2 786 358,88
	EUR	761 555,79	532 091,38
	FRF	7 419 207,41	5 638 543,60
	JPY	314 707 833,00	285 313 185,00

жалғасы

Проценттер	Басқалары
------------	-----------

229 464,41	0,00
------------	------

0,00	0,00
------	------

1 780 663,81	0,00
--------------	------

440 781,25	944,04
------------	--------

223 530,60	0,00
------------	------

29 394 648,00	0,00
---------------	------

664 311,85	944,04
------------	--------

229 464,41	0,00
------------	------

1 780 663,81	0,00
--------------	------

29 394 648,00	0,00
---------------	------

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК